

## МЕДИЦИНАЛЫҚ ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНДА ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУДАҒЫ РӨЛДІК ОЙЫН ӘДІСІНІҢ ТИІМДІЛІГІ

Ж.Қ. ҚОЖАБЕКОВА, М.М. СӘБИТБЕКОВА, Ш.Ш. УТАРГАЛИЕВА, Л.Ж. МОЛДАШЕВА

Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті, Ақтөбе, Қазақстан

Қожабекова Ж.Қ. – <https://orcid.org/0000-0003-1177-8400>

### Citation/

библиографиялық сілтеме/

библиографическая ссылка:

Kozhabekova Zh.K. Sabitbekova M.M. Utargaliyeva ShSh. Moldasheva L.Zh. Role Play Method Efficacy in Teaching the Kazakh Language In Medical Universities. West Kazakhstan Medical Journal. 2023;63(3):164-169

Қожабекова ЖҚ, Сәбитбекова ММ, Утарғалиева ШШ, Молдашева ЛЖ. Медициналық жоғары оқу орындарында қазақ тілін оқытудағы рөлдік ойын әдісінің тиімділігі. West Kazakhstan Medical Journal. 2023;65(3):164-169

Қожабекова ЖҚ, Сәбитбекова ММ, Утарғалиева ШШ, Молдашева ЛЖ. Эффективность метода ролевых игр в обучении казахскому языку в медицинских вузах. West Kazakhstan Medical Journal. 2023;65(3):164-169

### Role Play Method Efficacy in Teaching the Kazakh Language in Medical Universities

Zh. K. Kozhabekova, M.M. Sabitbekova, Sh.Sh. Utargaliyeva, L.Zh. Moldasheva Marat Ospanov West Kazakhstan Medical University, Aktobe, Kazakhstan

**Purpose.** Today, as a result of reforming the system of medical education, the main task is to train a competitive specialist using modern teaching methods. In this regard, the effectiveness of the application of innovative methods in mastering the state language in medical universities has been confirmed in practice. For research work, we chose the "Role-playing" method as unique.

**Methods.** The research involved 1-2 year students of the specialties "General Medicine" and "Dentistry", who studied the Kazakh language in the 2021-2023 academic year. For them, 40 lexical and grammatical topics for the study of the state language were selected and practical exercises were conducted using the role-playing game. After applying the innovative technology of role-playing games, the results were analyzed and surveys have been conducted.

**Results.** In the 2021-2023 academic year, the Kazakh language course of the Department of languages conducted several practical classes in the discipline "Kazakh language" to study various lexical topics using role-playing games. During the assessment of knowledge, as well as on the basis of the results of the classes, an increase in students' interest in learning the state language and the effectiveness of this teaching method have been noted.

**Conclusion.** Thus, the modern innovative technology "Role-playing game" is a distinctive means of mastering the state language. The basis for this is that even in everyday life, the medical specialist uses the same method when collecting an anamnesis of the disease, getting acquainted with the medical history, building a dialogue with the patient, entering into contact with the patient's relatives and friends. Therefore, for the future medical worker, the role-playing method in mastering the Kazakh language is an indispensable effective tool.

**Keywords:** *role-playing method, state language, teaching the Kazakh language, medical universities, innovative technologies, professional skills*

### Медициналық жоғары оқу орындарында қазақ тілін оқытудағы рөлдік ойын әдісінің тиімділігі

Ж.Қ. Қожабекова, М.М. Сәбитбекова, Ш.Ш. Утарғалиева, Л.Ж. Молдашева  
Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті, Ақтөбе, Қазақстан

**Мақсаты.** Медициналық білім беру жүйесін реформалау нәтижесінде оқытудың заманауи әдістерін қолданып, бәсекеге қабілетті маманды даярлау бүгінгі күннің басты талабы. Осы орайда медициналық жоғары оқу орындарында мемлекеттік тілді меңгертуде инновациялық әдістерді қолдану тиімділігі тәжірибе жүзінде расталып отыр. Сол әдістердің бірегейі ретінде біз зерттеу жұмысына «Рөлдік ойын» әдісін таңдадық.

**Зерттеу материалы.** Зерттеуге 2021-2023 оқу жылдарында қазақ тілі пәнін оқыған «Жалпы медицина» және «Стоматология» мамандықтарының 1-2 курс студенттері қатысты. Оларға мемлекеттік тілді меңгертуде 40 лексикалық және грамматикалық тақырыптар таңдалып алынып, рөлдік ойын әдісімен практикалық сабақтар өткізілді. Рөлдік ойын инновациялық технологиясы



Ж.Қ. Қожабекова  
e-mail: [nur-sultan@mail.ru](mailto:nur-sultan@mail.ru)

Received/  
Келін түсті/  
Поступила:  
01.09.2023

Accepted/  
Басылымға қабылданды/  
Принята к публикации:  
29.09.2023

ISSN 2707-6180 (Print)  
© 2021 The Authors  
Published by West Kazakhstan Marat Ospanov  
Medical University

қолданылғаннан кейінгі нәтижелер сарапталып, сауалнамалар жүргізілді.

**Нәтиже.** Рөлдік ойындар әдісі қолданылып, 2021-2023 оқу жылдарында тілдер кафедрасы қазақ тілі курсына қазақ тілі пәні бойынша әртүрлі лексикалық тақырыптарды игертуде бірнеше практикалық сабақтар өткізілді. Өткізілген сабақтар нәтижесінде студенттердің мемлекеттік тілді меңгеруге деген қызығушылықтары артқаны және бағалау барысында аталған әдіс тиімділігін көрсетті.

**Қорытынды.** Осылайша, «Рөлдік ойын» заманауи инновациялық технология мемлекеттік тілді меңгерудің айрықша құралы болып табылады. Оған негіз күнделікті өмірде де дәрігер маман ауру анамнезін жинау, ауру тарихымен танысу, науқаспен диалог құру, науқастың туған-туыстарымен коммуникацияға түсу кезінде дәл осы әдісті қолданады. Сондықтан болашақ медицина маманы үшін қазақ тілін меңгеруде рөлдік ойын әдісі таптырмас тиімді құрал.

**Негізгі сөздер:** рөлдік ойын әдісі, мемлекеттік тіл, қазақ тілін оқыту, медициналық жоғары оқу орындары, инновациялық технологиялар, кәсіби дағдылар

### Эффективность метода ролевых игр в обучении казахскому языку в медицинских вузах

Ж.К. Кожобекова, М.М. Сабитбекова, Ш.Ш. Утарғалиева, Л.Ж. Молдашева  
Западно-Казахстанский медицинский университет имени Марата Оспанова,  
Актобе, Казахстан

**Цель.** На сегодняшний день в результате реформирования системы медицинского образования основной задачей является подготовка конкурентоспособного специалиста с применением современных методов обучения. В связи с этим на практике подтверждена эффективность применения инновационных методов в освоении государственного языка в медицинских вузах. Для исследовательской работы в качестве уникального метода был выбран метод «Ролевая игра».

**Материалы исследования.** В исследовании приняли участие студенты 1-2 курсов специальностей «Общая медицина» и «Стоматология», изучавшие казахский язык в 2021-2023 учебных годах. Для них было отобрано 40 лексических и грамматических тем по изучению государственного языка и проведены практические занятия методом ролевой игры. После применения инновационной технологии ролевых игр были проанализированы результаты и проведены опросы.

**Результаты.** В 2021-2023 учебном году кафедрой языков на курсе казахского языка по дисциплине «Казахский язык» было проведено несколько практических занятий по изучению различных лексических тем с применением методов ролевых игр. В ходе оценивания знаний, а также по итогам проведенных занятий было отмечено повышение интереса студентов к изучению государственного языка и эффективность данного метода обучения.

**Заключение.** Таким образом, современная инновационная технология «Ролевая игра» является отличительным средством овладения государственным языком. Основой для этого является то, что даже в повседневной жизни врач-специалист использует тот же метод при сборе анамнеза болезни, ознакомлении с историей болезни, построении диалога с пациентом, вступлении в контакт с родными пациента. Поэтому для будущего медицинского работника метод ролевой игры в освоении казахского языка является незаменимым эффективным инструментом.

**Ключевые слова:** метод «Ролевая игра», государственный язык, обучение казахскому языку, медицинские вузы, инновационные технологии, профессиональные навыки

### Кіріспе

Рөлдік ойын - бұл тіршілік жағдайларының белгілі бір мінез-құлық немесе эмоционалдық жақтарын меңгеру ниетінде алдын-ала бөлінген рөлдер арқылы қатысушы топтардың сахналап ойнауы. Бұл әдісті жалпы, мектептерде болсын, орта, жоғары оқу орындарында болсын қарым-қатынас жасау құралы мен тілді меңгеруде, сөздік қор мен есте сақтауды дамытуда қолданады. Ал медициналық жоғары оқу орындарында қазақ тілін оқытуда қолданудың тиімділігі алдымен

студенттің өз мамандығына қатысты кәсіби лексиканы меңгеруін, терминдерді есте сақтауын қамтамасыз етеді. Сонымен қатар, бұл әдіс шағын топтарда (3-5 қатысушы) жүргізіледі. Қатысушылар карточка арқылы (тақтада, қағаз парақтарда және т.б.) тапсырма алады, рөлдерді бөледі, жағдайды ойнайды және барлық топқа ұсынады (көрсетеді). Оқытушы білім алушылардың мінез-құлқын ескере отырып, рөлді өздері бөлетін жағдайлар да кездеседі.

Бұл әдістің артықшылығы сол, әрбір қатысушы өзін ұсынылған рөл жағдайында көрсетеді, сол не

басқа жағдайды айтарлықтай шынайы байқайды, сол не басқа әрекеттердің салдарларын сезінеді және шешім қабылдайды.

**Зерттеу материалы.** Зерттеуге 2021-2023 оқу жылдарында қазақ тілі пәнін оқыған «Жалпы медицина» және «Стоматология» мамандықтарының 1-2 курс студенттері қатысты. Оларға мемлекеттік тілді меңгертуде 40 лексикалық және грамматикалық тақырыптар таңдалып алынып, рөлдік ойын әдісімен практикалық сабақтар өткізілді. Рөлдік ойын инновациялық технологиясы қолданылғаннан кейінгі нәтижелер сарапталып, сауалнамалар жүргізілді. Және шет тілін оқытудағы рөлдік ойын әдісін қолданған зерттеулерге талдаулар жасалды.

**Нәтижелер.** Болашақ медицина маманына тиімді рөлдік ойын әдісі – нақты науқас және дәрігер мамандардың рөлін сомдау, науқастың анамнезін жинау, ауру тарихымен танысу, зерттеу нәтижелерін талдау, болжам және қорытынды диагноз қою, ем тағайындау мәселелерін шешу жолымен оқытуға негізделген инновациялық әдіс.

Медициналық оқу орны студенттеріне қазақ тілі сабақтарында ойын элементтерін пайдалану – сабақтың формалары мен әдістерін жетілдіру жолындағы ізденістердің маңызды бір бөлшегі, әрі тиімді құралы болып табылады. Ойын элементтерін оқу үдерісін пысықтау, жаңа тақырыпты қорытындылау кезеңдерінде, қайталау сабақтарында пайдаланған өте тиімді. Ойын элементтерінің материалдары сабақтың тақырыбы мен мазмұнына сәйкес таңдалынып алынса, оның берер пайдасы мен танымдық, тәрбиелік маңызын күшейте түсері анық. Оны тиімді қолдану мен іске асыру сабақтың әсерлігін, тартымдылығын дамытып, білім алушылардың тіл үйренуге деген қызығушылықтарын арттырады, студенттің өзін-өзі тануына, өзіндік «менін» қалыптастыруға мүмкіндік береді. Мұғалім рөлдік ойынды таңдап ұйымдастыруы керек осылайша, ол білім алушыларда жағымды эмоциялар қалыптастырып қана қоймай, тіл үйренуге ынталандырады және білім алушылар үшін пайдалы болады. [1]. Рөлдік ойындар – дидактикалық ойындардың ішінде айрықша орын алады. Рөлдік ойындар рөлін сомдайтын кейіпкерлердің түрлері бойынша бірнеше принциптен құралуы қажет [2]. Кәсіби немесе әлеуметтік қызметтердің негізгі, елеулі сипаттарына еліктеуден туатын рөлдік ойындар студенттердің сабаққа қызығушылығын ғана емес жауапкершілігін де арттыра түседі. Болашақ медицина маманының қиялын, ойлау қабілетін, ерік-жігерін дамытады, шығармашылық қызметке, жалпы пәнге деген қызығушылығын оятады. Сондай-ақ рөлдік ойындарда оқытушы мен студенттің арасында еркін қарым-қатынас орнайды. Осы орайда, әріптестеріміз Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ мен Абай атындағы ҰПУ ғалымдары И.А.Кульжабаева мен Э.Т.Жанысбекова «Ағылшын тілі грамматикасын оқытуда рөлдік ойынды қолдану» [3] тақырыбындағы мақаласына шолу жасап, қай тілді болмасын меңгертудегі рөлдік ойын әдісінің тиімділігіне тағы да

көз жеткіздік.

А. Әлімов рөлдік ойындарды былайша сипаттайды: «Сабақта «ойын» сөзі инсценировканың орын алып, әрекеттердің спектакль түрінде көрсетілетіндігін меңзейді. Ал «рөлдік» сөзі әр қатысушының белгілі бір рөл орындайтынын және де бұл рөлдің басқа рөлдердің қатарында олармен тығыз қарым-қатынаста болатындығын білдіреді. Бұл қарым-қатынас өмірде орын алған қарым-қатынастарды қайталайды, сол себепті де рөлдік ойындар қоғамда кең етек алған проблемалар мен оларды шешудегі тиімді әрекеттерді меңгеруді мақсат тұтады»[4]. Рөлдік ойын оқытудың барлық негізгі дидактикалық принциптерін жүзеге асыра алады:

- сана принципі;
- көрнекілік принципі;
- беріктік принципі;
- мәдениетаралық өзара іс-қимыл қағидаты;
- белсенділік принципі;
- концентризм принципі [5].

Медициналық жоғарғы оқу орындарының сабақтарындағы қолданылатын рөлдік ойын әдісі мен жалпы білім беретін мектептердегі рөлдік ойын әдісінің ерекшелігі, университеттерде рөлдік ойын оқу үдерісінде алған және дамытқан студенттердің кейбір қалыптасқан коммуникативтік дағдыларын ескере отырып құрылатындығымен анықталады. Университет оқытушысы қарым-қатынас дағдыларын қалыптастыру және мәселесін шешуді қажет етпейді, тек оларды күрделі лексикалық және грамматикалық материалды оқыту жағдайында жетілдірумен ерекшеленеді. Рөлдік ойын әдісін кез-келген жастағы мектеп оқушыларын оқытуда пайдалануға болады. Ойын бастаушы мектеп жасындағы қызметтің жетекші түрі болып қалатындықтан, оны балабақшалардағы орыс топтарында да, орыс мектептерінде де балаларға қазақ тілін үйрету үшін қолдану керек. Бұл мектеп оқушыларының қазақ тілін үйренуге деген ынтасы мен қызығушылығын арттырады. Рөлдік ойынның мектеп оқушыларының мемлекеттік тілде ауызекі сөйлеуге дағдыландырады. Ол өзінің сөйлеу әрекетін жоспарлауға үйретеді, өз іс-әрекетін бақылау, басқалардың іс-әрекетіне объективті баға беру қабілеттерін дамытады. Мұғалімдердің көпшілігі әдістемелік әдебиеттерде мұндай тапсырмалардың болмауына немесе оқу уақытының жетіспеуіне байланысты сабақтарына рөлдік ойын тапсырмаларын қамтымайды. Университеттегі рөлдік ойынның грамматикалық мазмұны оқытушының теориялық бөлімді ұсынғаннан кейін жинақтауға бағытталған грамматикалық материалмен анықталады. Бұл кезеңде рөлдік ойын білім беру процесінде барлық маңыздылығына қарамастан, кейбір профессор-оқытушылар құрамы материалмен жұмыс істеудің соңғы кезеңінің бөлігі ретінде әрекет ететініне назар аудару керек. Алайда, материалды үйренудің кез-келген уақытында ойын-оқыту әдістерін қолдануға болады.

Грамматикалық материал мен лексикалық тақырыпты қабылдаудың келесі кезеңдерінде оқытушы үдерісті бақылайтын және түзететін бақылаушы

ретінде әрекет етіп, ал студенттерді топтарға бөліп, олардың арасында тапсырмалары бар үлестірме карточкаларды тарату арқылы ойында белгілі бір еркіндікке жол береді. Үлестірме карточкаларды алғаннан кейін әр топ рөлдерді бөледі және ойнайтын кейіпкерлерді анықтайды.

Рөлдік ойынды дайындауға және өткізуге кіріспес бұрын студенттер оның негізгі шарттарымен танысуы керек. Студенттерге лингводидактикалық анықтама-лықтан рөлдік ойынның анықтамасын ұсыну және олардан рөлдік ойын деген не, ол қандай функцияларды атқаратынын өз сөздерімен түсіндіруді сұрау өте қолайлы. Рөлдік ойын - бұл нақты қарым-қатынас жағдайларына мүмкіндігінше жақын мағынада сөйлеу дағдыларын қалыптастыру және дамыту мақсатында сабақта ұжымдық оқу іс-әрекетін ұйымдастырудың бір түрі [6]. А.Калина ұсынған рөлдік ойындарды өткізудің арнайы технологиясымен қазақ тілі курсында өткізілген сабаққа тоқталайық.

#### Дайындық кезеңі

Ұйымдастыру: рөлдерді бөлу, қазылар алқасы мен сарапшылар тобын таңдау, ойын топтарын құру, ойын ережелері мен міндеттерімен танысу. Бұл бөлімде біз «Артық салмақ» тақырыбына орай науқас, тіркеу бөлімі, учаскелік дәрігер, мейірбике, гастроэнтеролог, диетолог, эндокринолог және кардиолог дәрігерлерінің рөлдерін бөлдік. Оқытушы ойын ережесімен таныстырмас бұрын, үстел үстіне тасталған, таразы, тонометр, метрлік, науқас карточкасы, үлестірме ақпараттық қағаздар, жүрек тыныс алуға арналған құрылғы т.с.с заттарды әр ойынға қатысушы таңдап алды. Бұл жерде де дәрігер өз мамандығы туралы, оның міндеттері, әр дәрігердің қолданатын құрылғы аспаптары туралы ақпарат білуі қажет.

Тақырыппен, проблемамен және тапсырмалармен танысу, материал жинау, оны сараптау, хабарлама дайындау.

Ойын кезеңі. Жағдаятты сезіну. Науқас емханаға кіргеннен бастап, диалог басталды. Диалог-бұл ауызекі сөйлеудің кең таралған түрі, оның барысында қатысушылар пікір алмасады. Диалогта кейінірек қолданылатын сөйлеу құрылымдары пысықталады [7]. Диалогтық сөйлеу көбінесе эмоционалдылық сияқты сипаттамалармен сипатталады (өйткені спикер өзінің эмоциялары мен сезімдерін не туралы айтып жатқанын білдіреді), инверсия (сөйлеу әрқашан бір немесе бірнеше тыңдаушыға бағытталған), ситуация (диалогта белгілі бір жағдай қойылады және талқыланады) және реактивтілік (тыңдаушылар не болып жатқанына жауап береді). [8]. Алдымен тіркеу бөлімі қызметкерімен науқастың диалогы өрбіді.

Диалогтық сөйлеудің кейбір ерекшеліктері бар. Ең алдымен, ол алынған ақпаратқа (таңдану, келісу, теріске шығару және т. б.) реакциясын көрсету үшін диалог қатысушылары қолданатын интерференцияларды, кіріспе сөздерді, бағаланатын сипаттағы әртүрлі өрнектерді қолданумен сипатталады [9]. Топішілік: проблеманы жекеше түсіну, топ ішіндегі дискуссия, ұстанымды анықтау, шешім қабылдау, хабарлама дайындау.

ындау.

Топаралық: әр топтың хабарламасын тыңдау, топтардың қабылдаған шешімдерін талқылау, шешімдерді бағалау.

Қорытынды бөлім. Проблема бойынша қорытынды шешім шығару.

Сарапшылар тобының хабарламасы. Сарапшылар науқас пен дәрігерлер арасындағы диалог кезінде қазақ тілінің спецификалық дыбыстарының дұрыс айтылуы, сөзді таза қазақ тілінде сауатты қолдануы, диалог барысында сөйлем құруы, дәрігерлердің өз саласы бойынша ақпараттарды қазақ тілінде нақты беруі қадағаланды.

Ең үздік хабарламаны таңдау. Ойын нәтижелерін сараптау.

Белсенділік дәрежесі. Студенттердің өз рөлін алып шығудағы белсенділігі, қазақ тілінде ойын жеткізудегі тазалығы сарапталады. Осы орайда ресейлік әріптесіміз Ресейдің тұңғыш Президенті Б.Н.Ельцин атындағы Урал Федерациялық университетінің жас ғалымы Наталья Давыдова өзінің «Role-playing as a means of teaching monological and dialogical speech in english for secondary school students» мақаласында рөлдік ойындардың әсіресе тіл үйренуде маңыздылығына тоқталады [10].

Білімі мен білік-дағдыларының деңгейі. Қазақ тілін білудегі деңгейі. Ойынды жетілдіру туралы нұсқаулар. Қазақ тілі орыс топтары мен шет ел студенттері үшін шет тілі ретінде меңгертіледі. Өздеріңіз білетіндей, шет тілі курсы пәнді практикалық меңгеруді қамтамасыз етуге арналған. Бұл міндет шет тілі мұғалімінен үйреніп жатқан тілде қарым-қатынас жасауды үйретуді талап етеді. Бұл жұмыста «ойын» термині «әртүрлі қарым-қатынас жағдайларында оқу материалын бекіту және белсендіру мақсатында арнайы құрылған шартты жағдайларда тіл сабақтарындағы қызмет түрі» ретінде қарастырылады [11].

Ал медициналық мәтіндерді талдауда рөлдік ойындар технологиясы бойынша «Данышпан үкілер» ойыны тиімді әдіс. Яғни, тек дәрігер мен науқас арасындағы диалогпен шектелмей, рөлдік ойындарды түрліше мазмұнда өткізуге болады. Мәселен, «Данышпан үкілер» мәтінмен жұмыс істеудің өте тиімді тәсілдерінің бірі. Әдетте ол мәтіннен кейінгі тапсырмаларды орындау барысында, яғни білім құрастыру немесе түсінікті дамыту кезеңдерінде ойналады. Бұл технология студентке мәтінді меңгертіп қана қоймай, мәтін мазмұнына байланысты өз тұжырымын жариялауға, комментарий беруге, мәтінде көтерілген проблеманы шешу жолдарын ұсынуға мол мүмкіндік береді. Оқытудың көптеген әдістерін қолдану тілдік құбылыстарды есте сақтауға, тұрақты визуалды және есту бейнелерін жасауға, сондай-ақ оқушылардың ынта-жігері мен бастамасын қолдауға көмектеседі. [12]. Ұйымдастыру кезеңі.

1-үкі – мәтіннің негізгі ойын иллюстрациялауға тырысады, егер мүмкін болса, мәтіннен алған әсерін сурет, схема немесе карикатура түрінде береді. Мәселен, «Демікпе дерті» тақырыбында мәтін берілсе, сол



мәтінді схема немесе карикатура түрінде науқастың белгілері, дәрігер келуі, мәтіннің ойы туралы ақпарат береді.

2-үкі – өнеге көрсетерлік қорытынды шығарушы. Мәтіннен алған ақпаратынан өзінің болашақ өмірі мен қызметі үшін маңызды боларлық қорытынды шығарады.

3-үкі – пікір таластыруға тұрарлық маңызды тақырыптарды табушы. Мәтіннен ерекше назар аударарлық, көпшіліктің талқысына салуға лайықты ойларды табады.

Ал қалған студенттер сарапшылар тобын құрайды. Олар үкілердің хабарламасын тыңдап болғаннан кейін өз бағаларын беріп, ең үздік шыққан хабарламаны жариялайды. Белсенділік көрсетіп, жоғары білім деңгейін таныта білген студенттерді ерекше атап өтіп, сыни көзқарастарын да білдіре алады. Зерттеулерге сәйкес, білім алушының когнитивті икемділік пен шығармашылыққа қабілеттілігі рөлдік ойындармен байланысты, өйткені олар миын жаттықтырады және қиялға ерік береді. [13]

Бұл замануи технологияны қолданған кезде рөлдік ойындардағы оқытушының орны қандай деген орынды сұрақ туындайды.

Бастапқы кезде оқытушы білім алушылардың ынта-жігерін бақылағаны жөн. Бірақ оқытушы әрекеті нәтижелі болуы үшін мына жағдайларды ескеру қажет:

- Рөлдік ойын барысында оқытушы студент жіберген қатені бірден түзетпейді, тек білдіртпей дәптеріне түртіп алады да, келесі сабақта осындай қателермен жұмыс істейді немесе ойын соңында бағалау кезінде талдап кетеді.
- Рөлдерді кейде жеребе бойынша анықтайды, кейде оқытушы өзі бөледі, кейде студенттердің қалауына да ерік берген жөн. Себебі білім алушы қазақ тілін қаншалықты біледі, соған орай өздері де рөлді тез таңдайды.
- Өткізген ойынға қорытынды жасаған кезде оқытушы дұрыс тәсіл қолданып, әсіресе, алғашқы мақтауда немесе сыни пікір айтуда абай болғаны дұрыс. Өйткені, баланың ынтасын жоғалтады.
- Оқытушы талдау кезінде алдымен жақсы жақтарын айтып, соңынан кемшіліктерге тоқталуы керек. Сарапшылардың талдауына да бақылау жасайды.

**Қорытынды.** Медициналық жоғары оқу орнындағы орыс тобының студенттеріне қазақ тілін үйретудегі рөлдік ойын инновациялық әдісінің тиімділігі:

а) білім алушының қазақ тілі арқылы қатынас жасауға деген қызығушылықтарын арттырады;

ә) қажетті сөздерді неғұрлым көп білсем, дұрыс жауап берсем деген ойды туғызып, тіл үйренушіні ынталандырады;

б) ойын барысында тілдік қатынастар ерекше маңызға ие болады: грамматикалық категориялар, спецификалық дыбыстар, тілдің шұбарланбауы;

в) тіл үйренушінің мемлекеттік тіл бойынша білік-

тілігі мен белсенділігін арттырады, қазақ тіліне деген құрметін қалыптастырады. Шетел тілін оқытуда рөлдік ойындарды пайдалана отырып оқыту әдісі – білім алушылардың оқу міндетіне сәйкес бұрын алған барлық білім, білік, дағдыларын белсендіретін тиімді инновациялық педагогикалық технология. Пенни Ур анықтамасынан мынадай қорытынды шығады: рөлдік ойындар оқушылардың жаңа контекстке сәйкес тілдік құралдарды пайдалана отырып, сыныптан тыс жағдайда өзін елестету кезінде сөйлеу әрекетінің барлық түрлерін дамыту үшін қолданылады [14].

Рөлдік ойындар студенттердің болашақ мамандығы медицинаның да ерекшелігімен толығырақ танысуға септігін тигізеді. Зерттеушілердің пікірінше, «рөлдік ойын, оның табысы көп жағдайда оқытушыға байланысты. Ол оқытушының ұйымдастыру және өткізу қабілеттеріне қатысты».

Сонымен рөлдік ойынмен сабақ өткізу келесі маңызды міндеттерді қамтиды:

-білім алушының қоғамдық қатынастарға бейімделуі;

жалпы адамзаттық мәдени құндылықтар мен қазақ ұлтының этностық мәдениетін меңгеру;

-білім алушының шынайы адамгершілік коммуникацияға енуіне мүмкіндік беретін коммуникативті іс-әрекеттердің көрініс табуы жүзеге асырылады.

-тіл үйренушінің әр қырынан көрінуіне интеллектуалдық, шығармашылық, коммуникативтік жағынан және әртүрлі қиындықтарды жеңуіне жағдай жасайды.

Рөлдік ойынды қолдануда оның күнделікті жаттығу жұмысына айналмауын ескеру керек, ондай жағдайда білім алушының қызығушылығы төмендейді. Көбіне рөлдік ойынның тілді меңгертудегі әртүрлі тәсілдерін сабақтың бекіту, қорытынды, қайталау сабақ түрлеріне орай түрлендіріп отыруды ұсынамын.

Осы ұсынылып отырған рөлдік ойын инновациялық әдісі медициналық жоғары оқу орнында болашақ мамандардың қазақ тілін меңгеруде тілге деген қызығушылығын арттырып, оқу-тәрбие үдерісін іске асырудың тиімді жолы екенін айтамын.

Қорыта келгенде, ғалымдар Т.И.Шамова, П.И.Третьякова «Инновация» дегенді былай түсіндіреді: «Жаңа мазмұнды ұйымдастыру, ал жаңалық енгізу дегеніміз – тек қана жаңалықты енгізу, қалыптастыруды анықтайды, ал «жаңаша» деп жаңаның мазмұны, оны енгізудің әдіс-тәсілі мен технологиясын қамтитын құбылыс» делінген [15]. Орыс тілділерге қазақ тілін оқыту барысында аудиторияны яғни курсқа қатысушылар кімдер екенін ескере отырып, қазақ тілінің грамматикасымен қатар, әрбір деңгейге байланысты ұғымды әдіс-тәсілдерді қолдануымыз керек. Қазақ тілін оқытуда ойын технологиясының, оның ішінде рөлдік ойын технологиясы өте тиімді деп білемін. Себебі технологияның атауының өзі құлаққа жеңіл, әрі тартымды. Кім болса да – мейлі ол жас бала болсын, ересек адам болсын ынта қоя кіріседі. Британдық тәрбиеші Джон Локк: «Бұл балаларға арналған ойынға баруға

не үйренуге болатын нәрсені айналдыра алатын тамаша өнер», - деді. Бұл тұжырым студенттік аудиторияға да қатысты, өйткені ойын білім беру технологиялары бүкіл әлемде кеңінен қолданылады, әсіресе ағылшын тілін үйренуде [16].

Болашақ медицина мамандарына қазақ тілін меңгертуде рөлдік ойындар тәсілін қолданып өткізілген

сабақтан студенттердің белсенділігі, тіл үйренуге қызығушылығы артты, күнделікті дәстүрлі сабаққа қарағанда бағалау кезінде де үлгерім көрсеткіші жоғарылағаны байқалды. Сондықтан, рөлдік ойын әдісі – дидактикалық әдістердің ішіндегі медицина мамандарының кәсібімен тікелей байланысты ойын түрі екенін баса айтқымыз келеді.

*Әдебиеттер тізімі:*

1. Oleynik TI. Teaching oral speech and reading in foreign languages. *Prosveshchenie* 2012. 111 p.
2. Махамбетова ГД, Калменова ГМ, Кылышбекова ГН. Балалар аурулары пәнін оқытудағы рөлдік ойындар әдісі. *ҚазҰУ хабаршысы*. 2016;1:566  
*Mahambetova GD, Kalmenova GM, Kylyshbekova GN. Balalar aurulary panin oqytudagy roldik ojyndar adisi. KazUU habarshysy. 2016;1:566. (In Kazakh.)*
3. Құлжабаева ИА, Жанысбекова ЭТ. Ағылшын тілі грамматикасын оқытуда рөлдік ойынды қолдану. «Актуальные научные исследования в современном мире». 2021;11-7(79):293-298  
*Kulzhabaeva IA, Zhanyzbekova ET. Agylyshyn tili grammatikasyн oqytuda roldik ojyndy qoldanu. Aktual'nye nauchnye issledovaniya v sovremennom mire. 2021;11(79):293-298. (In Kazakh.)*
4. Әлімов А. Интербелсенді әдістерді жоғарғы оқу орындарында қолдану. Алматы. 2014:12.  
*Alimov A. Interbelsendi adisterdi zhogargy oqu oryndarynda qoldanu 2014. 12 p. (In Kazakh.)*
5. Васильева МА. Деловые игры при обучении иностранному языку в неязыковом вузе. Вестник Московского государственного лингвистического университета. Москва: Рема. 2009:113.  
*Vasil'eva MA. Delovye igry pri obuchenii inostrannomu jazyku v neязыkovom vuze. Vestnik Moskovskogo gosudarstvennogo lingvisticheskogo universiteta. 2009:113. (In Russ.)*
6. Құлмырзаева АХ. Ағылшын тілі сабағында ойын элементтерін пайдаланудың тиімділігі. Молодой ученый. 2015:51. [Электрондық ресурс] - URL: <https://moluch.ru/archive/87/17231/>  
*Kulmyrzaeva AH. Agylyshyn tili sabagynda ojyn jelementterin pajdalanudyn tiimdiligi. Molodoj uchenyj, 2015:51: https://moluch.ru/archive/87/17231/ (In Kazakh.)*
7. Borzova EV. Dialogic speech as a goal and means of teaching English in grades 5-6. *Current problems of pedagogy*. 1985;2:40-43.
8. Rozhina TD, Stepanova OS. Level teaching of foreign languages in higher education institutions: actual problems. *Professional education in Russia and abroad*. 2018;3(31):119.
9. Agayev OV. Training of dialogical speech in the English language. *Actual problems of pedagogy: proceedings of the international. Scientific. Young Scientist Publishing House*. 2011:92-94.
10. Davydova NV. Role-playing as a means of teaching monological and dialogical speech in english for secondary school students. *Languages in professional communication. International research to practice conference for educators, postgraduates and students*. 2021:252-260.
11. Galskova ND, Gez NI. Theory of teaching foreign languages. *Linguodidactics and methodology*. 2005:85
12. Karpova NB. The role and application of role-playing in english classes at a civil engineering university. *Наука и социум. материалы научно-практических конференций АНО ДПО «СИП-ПИСР*. 2022:36-40.
13. Huang Y, Shan J. Role Play for ESL/EFL Children in the English Classroom. *The Internet TESL Journal*, 2008;15:2. URL: <http://iteslj.org/Techniques/Huang-roleplay.html>
14. Ur P. A Course in language teaching: practice and theory. Cambridge University Press. 1991:131.
15. Бұзаубақова КЖ. Жаңа педагогикалық технологиялар. Тараз. 2003:111-112.  
*Buzaubaqova KZh. Zhana pedagogikalyq tehnologijalar 2003. 111-112 p. (In Kazakh.)*
16. Садуова ЖН. Жаңа педагогикалық технологиялар арқылы болашақ мұғалімдердің кәсіби бағыттылығын қалыптастыру. Қазақстан мектебі. 2013;5:12.  
*Saduova ZhN. Zhana pedagogikalyq tehnologijalar araqly bolashaq mugalimderdin kasibi bagyttylygyn qalyptastyru. Qazaqstan mektebi. 2013;5:12. (In Kazakh.)*